

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GFEU2843>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HLOX6568>

***А. К. Матаева¹, С. Б. Жұмаәул², Э. И. Коптева³**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.;

³Омбы мемлекеттік

педагогикалық университеті,

Ресей Федерациясы, Омбы қ.

*e-mail: asyl_mataeva@mail.ru

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ ЛИМИНАЛДЫҚ КОНЦЕПЦИЯ

Мақалада әлем әдебиеттану ғылымында танымал құбылыс: лиминалдық концепция қарастырылды. Шетелдік ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып лиминалдық категориясына анықтама берілді. Лиминалдық антропология, қазіргі мәдениеттану және әдебиеттанудың маңызды категорияларының бірі болып табылады. Лиминалдық – өмірдің бір кезеңінен екінші кезеңіне өтуді білдіреді. Лиминалдық терминін алғаш рет антропология ғылымына Арнольд Ван Геннеп енгізген болатын. Антропология саласынан әдебиеттану ғылымына лиминалдық идеясын терминологиялық және тұжырымдамалық тұрғыдан негіздеген Виктор Тернердің пайымдаулары зерделенді. Зерттеу жұмысының мақсаты: лиминалдық концепциясының қазіргі әдебиеттану ғылымындағы алатын орнын, маңыздылығын, өзектілігін байыптау. Осы бағытта авторлар шетел философтары мен әдебиеттанушылардың іргелі еңбектерін саралап, кешенді талдау жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде лиминалдық теориясының ерекшеліктері анықталып, лиминалдық құбылыстың әдебиеттануда алатын орны бағамдалды. Авторлар әдебиеттегі лиминалдықтың қызметі мен рөлін егжей-тегжейлі зерттеп, көркем шығарма негізінде талдау жасап, қазіргі қазақ әдебиетіндегі лиминалдық концепциясын тәжірибешілік тұрғыдан дәйектеді. Лиминалдық теориясын ғылыми тұрғыдан пайымдау, зерделеу шетел ғалымдарының еңбектерінде көрініс тауып, лиминалдық мәселесі қазіргі әлем әдебиетінде өзекті бағыттардың бірі болғанымен, қазіргі қазақ әдебиеттануында зерттеу объектісі

ретінде қарастырылмаған деп айтуға болады. Демек, терең зерттеуді талап ететін тың сипаттағы тақырыптардың бірі болмақ.

Кілтті сөздер: лиминалдық концепция, лиминалды кеңістік, лиминалды кезең, өтпелі күй, шектік мән

Кіріспе

XX–XXI ғасырлар тоғысындағы ғылыми-гуманитарлық пайымдаулар өзгеріске түсіп, көркем әдебиеттің және филологиялық ғылымдардың қазіргі даму жағдайы әлемдік интеграциялану тенденцияларымен айқындалды. Бұл үрдістер қазіргі әдебиеттану ғылымының алдында бірқатар өзекті міндеттер қойып отыр. Әдебиеттануды зерттеудің жаңа концептуалды әдіснамасын жасау, көркем мәтінді зерттеу қағидаттарын модификациялау қажеттілігі жаңашыл ізденістерді талап етеді [1, 127–129]. Осы орайда қазіргі таңда әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда лиминалдық концепция ерекше орын алып, антропология, психология, мәдениеттану, философия, әдебиеттану т.б. салалардың өзара тоғысуындағы өзекті мәселелердің біріне айналуда. «Лиминалдық» термині ағылшын тілінде «Liminality», латынша «Īmen» – шекті мән, шекара, шек, яғни екі әртүрлі мекеннің, орындардың арасында орналасқан аралық кеңістік («дәліз») – адам немесе қоғамдастықтың дамуының кезеңдері арасындағы межені не өтпелі күйді айқындайтын термин мағынасында қолданылады. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігінде лиминалдық – болмыстың анықталған жағдайы арасындағы немесе одан тыс жағдай; лиминалдық термині субъектінің қалыпты әлеуметтік өмір кезеңі арасындағы рәсімдердің өту кезеңін білдіреді деп көрсетілген (Graig Calhoun, 2002).

Лиминалдық әлеуметтік мәртебе, құндылықтар мен нормалар, сәйкестілік (identity), сана-сезімнің өзгеруімен байланысты ұғым болғандықтан, пәнаралық мәселелермен сабақтас мәнге жатады.

Лиминалдық – мәдениеттің басым бағыттарындағы ізденістерді жүзеге асырып, жаңа мағына мен тәртіптің қозғаушы күші ретінде адам арқылы басқа кеңістіктер мен салаларды игерудегі әлеуметтік, психологиялық және физиологиялық мәселелерді қамтиды.

Қазіргі таңда лиминалдық термині адам және қоғам дамуындағы өтпелі немесе ауыспалы кезең мағынасында байыпталады. Лиминалдық қоғамдағы болмыстың бір күйден екінші күйге айналу үрдісін сипаттайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін әдеби-теориялық зерттеулермен байланысты әдебиеттану ғылымының қағидаттары, кешенді және жүйелеу әдістері құрайды. Сонымен қатар талдау, жинақтау, салыстыру сынды әдістері

қолданылды. Зерттеу жұмысына әдебиеттану ғылымы, әдебиет сынына қатысты байыптаулар жасап, ғылыми ізденістер жүргізген шетелдік, отандық ғалымдардың келелі де маңызды зерттеу еңбектері мен тұжырымдары тірек болды.

Нәтижелер мен талқылау

Лиминалдық ұғымы мен терминін алғаш қолданысқа енгізген француз антропологі Арнольд Ван Геннеп. Ол «Rites de Passage» зерттеу еңбегінде негізгі теориялық ұстанымдарды ұсынуден қатар, маусымдық өзгерістерде, адамның өтпелі кезеңдердегі көңіл күйінде, өмір салты қалыбындағы ауысу үрдісінде лиминалдықтың ең басты үйлестіруші рөлін тәжірибе жүзінде негіздеген болатын. Геннептің пікірінше, «Rites de Passage» немесе өтпелі рәсім кез келген өзгеріс түрлерінің міндетті белгісі (attribute) болып қалады (мекенжайы, мемлекет немесе әлеуметтік мәртебесі, дәрежесі, жасқа байланысты өзгерістер). Сонымен қатар «тұрақты» және «құбылмалы» құрылымдардың арасындағы дихотомияны анықтады. Ғалым кез келген ауысу/өтпелі үрдісіне немесе транзиттілікке негізгі үш кезең тән деп есептейді: 1) сепарация – ажырау, шеттету, бөліну; 2) маргиналдылық – шектеулік немесе лиминалдық; 3) инкорпорация немесе бірлестік (құрамына енгізілу, қосылу). Бірінші кезең – нақты дара нысанды немесе кез келген жеке тұлғаны, яғни «инициантты» қандай да бір әлеуметтік немесе мәдени құрылымнан оқшаулауды, ажыратуды білдіреді. Бұрынғы әлеуметтік ортадан жеке адамның немесе топтың шеттетілуі. Бұл кезең айыру инициантты шынайы кеңістік пен уақыттан ажыратып, ыдыратумен сипатталады. Екінші кезең – лиминалдық – иницианттың немесе «транзиттік саяхатшының» (transit voyager) амбиваленттік күйін, оның аралық амбиваленттік әлеуметтік аймағына, яғни «лимбоға» (аралық күйге) өтуін білдіреді. Аталмыш кезең аралық мәнге ие, мұнда инициант не қатысушы екіұштылық сипатқа ие. Үшінші, мәрелік кезең – инкорпорация – жеке тұлғаның (индивидтің) «регенерациясына» («geaggregation» жандануына, қайта тууына) сәйкес келеді: яғни иницианттың қоғамға басқа сапада, жаңарған әлеуметтік мәртебеде оралуымен сипатталады [2, 81]. Аталған кезеңдердің ішінен екінші – лиминалды кезең ғылыми қызығушылық тударатыны сөзсіз. Бұл кезеңде жеке тұлға шынайы өмірден алшақтап, әлеуметтік қоршаған ортасының белгісіздігі туралы жаңа тәжірибе жинақтайды. Біздің ойымызша, бұл аспектіде лиминалдықтың дуалдылық қасиеті байқалады, яғни бір мезетте алдыңғы және келесі кезеңдердің сипаты болуы көрініс тауып жатады. Геннеп теориясында лиминалды кезең – мағынасы мен қызметі бойынша тұрақты және трансформацияланған құрылымдар ортасындағы аралық, транзитті динамикалық кондиция мәніне ие. Демек, Геннептің айтуынша, өтпелі рәсім – «rites de passage» – үш өлшемнің (кондицияның) де тұтастығымен

сипатталады. Олар: лиминал алды, яғни бұрынғы әлемнен шеттетілу, айырылу; лиминалды, бұл транзиттік кезенді білдіреді; постлиминалды, ол жаңа әлемге қосылу, ену, инкорпорациямен байланысты болып келеді. Бұл ретте Геннеп: «Жеке тұлға немесе адамдар тобының өмірі жатсыну, айырылу және жаңа бірлестіктер құру, форма мен кондициялардың өзгеруі, өлім мен дүниеге келуден тұрады. Өмір – әрекет пен аялдау, күту мен үзіліс және басқа бағыттағы әрекеттердің қайталануы... Үнемі әртүрлі жаңа межелер, шекаралар пайда болып отырады: жаз бен қыс, маусымдық, жылдық, айлық, тіпті күнделікті өмірде туу, жастық шақ, кемелдену және қарттық үрдістері толассыз жүреді; ең бастысы өмір мен өлім арасындағы тайталас толастамайды» [2, 123]. Сөйтіп, Геннеп үшін транзиттілік немесе лиминалды кезең құбылмалы импульспен қозғалысқа келетін аралық, құнды мәнге ие болуымен ерекшеленеді. Арнольд Ван Геннеп басқа халықтардың мәдениетінде, әлеуметтік өмірінде рәсімдерді қолданатын формалардың алуан түрлілігінің аясында бірыңғай үлгі, құрылым жатқанын дәйектеп берді.

Лиминалдық кезеңдердің заңдылықтарын А. Байбурын, П. Бурдые, М. Глакман, Е. Гребенюк, С. Гроф, Дж. Кросби, С. Кэмбэл, Р. Моррисон, В. Пикеринг және т.б. ғалымдар зерттеді. Олар лиминалдықты әлеуметтің «өмірлік өзгерістері», «даму дағдарысы» кезеңдері тұрғысынан әлеуметтік мәртебесі, сана-сезімі (құндылықтар, нормалар) өзгерісін қарастырады. Сондай-ақ ХХІ ғасырда лиминалдық тұжырымын ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерттеп, келелі еңбектер жазып жүрген ғалым Л. Фусу. Оның лиминалдық мәні, сипаттамасы, қазіргі қоғамдағы көрінісіне қатысты ізденістері назар аудартады. Л. Фусу: «Біздің пікірімізше, лиминалдық – пәнаралық құбылыс сипатымен өзекті» - деп көрсетеді [3, 48]. Зерттеуші өз көзқарасын антропологиялық, феноменологиялық, құрылымдық-семантикалық әдістермен дәйектейді.

Антропология саласынан әдебиеттану ғылымындағы лиминалдықтың терминологиялық және тұжырымдамалық транспозициясы Виктор Тернерге тиесілі. Бұл концепция әртүрлі деңгейдегі көркем мәтіндегі өтпелі күйлерді анықтауды және сипаттауды қамтиды. Ағылшын әрі американдық антрополог ғалым Виктор Тернер лиминалды кезенді «Әртүрлі позициялық құрылымдар» арасында пайда болған «интерструктуралық жағдай» деп анықтайды. Оның пікірінше, жеке тұлғаның қоғамнан уақытша ажырауы (алшақтауы), амбиваленттік әлеуметтік мәртебесі сипатында болумен сабақтас ол заң, әдеп-ғұрыптық нормалар мен ережелер жауапкершілігінен босатылады. Лиминалды кезең жағдайында жеке тұлға «анда» да, «мұнда» да болмайды. Ол «аралықта» («betwixt and between»), «алдыңғы» және «болашақ» мәртебесі токтатылған, шеттетілген, белгісіздік жағдайында, әрі қайта құрылған, жаңғыртылған мәдени модельдер мен парадигмалардың жүзеге асуын күту

позициясында болады. В. Тернер Арнольд Ван Геннептің ауысу рәсімдерін талдай келе, оның архаикалық қоғамдағы маңызды рөліне назар аударады. Олар адамның кез келген әлеуметтік мәртебесінің өзгеруімен қосақталып жүретінін түйіп, белгілі бір әлеуметтік құрылымнан ажырау; лиминалды (шектік) жағдай; әлеуметте қалпына келу сынды үш фазадан тұратынын айтады [4, 168–169]. Лиминалдық ұғымын терең зерттеп, оған толықтай сипаттама жасайды. Қоғамның коммунитас және құрылым сипатындағы екі жүйесін қарастырды. Бұл жүйелер арасында тұрақты диалектикалық байланыс орнатылғандықтан, оны қоғам да, адам да сезіне алады. Құрылым – белгілі бір иерархиялық, әлеуметтік-құқықтық, рулық және басқа ережелер бекітілген қоғамның немесе қоғамдағы адамның моделі, коммунитас – адамдардың әдет-ғұрпы мен әлеуметтік өмірінде аса маңызды орын алады, адам осы құрылымдардан шығып, жаңа қасиеттерге ие болады. В. Тернер атап көрсеткендей, архаикалық қоғам өмірінің бұл заңдалықтары тарихи және басқа да қазіргі әлеуметтік үрдістермен ұштасып жатады [4, 232].

Сонымен қатар лиминалдықты зерттеу үшін В. Пропптың бұл феноменді ритуалды-мифологиялық тәсіл (қиял-ғажайып ертегінің құрылымында көрініс тапқан инициация рәсімінің қасиеті ретінде) аясында қарастырған «Морфология сказки» (1969), М. Бахтиннің шекаралық «шек», «есік», «саты» топстарын өтпелі кезең көрінісі ретінде зерттеген «Очерки по исторической поэтике» (1979) еңбектеріне сүйенген абзал.

Сөз өнеріндегі лиминалдықты қызығушылық шекараларды, шекаралық кеңістіктер мен өтпелі кезең аралықтарын саралаумен байланысты. Бүгінгі таңда адам өмірінің барлық салаларында мәдениет пен халық, адам, жан-жануар және техника, шындық пен виртуалдылық, сана және бейсаналық, адам тәні мен рухы арасындағы сабақтас шекаралардың ығысу, өзгеру үрдісі байқалады. Мұндай шекаралық ығысулар субъектінің сана-сезімі мен өзін-өзі тану формаларын айтарлықтай өзгеріске ұшыратады. Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларда ол осы шекараларды (лиминалдықты) өзгертіп, трансформациялауға және өзін қайта қалыптастыруға мәжбүр болады.

В. Изер «The Fictive and the Imaginary: Charting Literary Anthropology» (1993) еңбегінде әдебиеттің «лиминалдық ойын» ретіндегі қызметіне қажеттілік пен қиял арасындағы байланысты ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның, субъектінің өзін-өзі трансценденттік жасампаз іс-әрекетін де анықтауды жатқызады. Ғалым әдеби ойдан шығару немесе иллюзия, шынайы өмір мен көркем шындық арасындағы аралық кезең болып табылады деп пайымдайды, яғни үштік: «шынайы өмір – иллюзорлық – қиялдан туындаған» парадигмасына сәйкес деп есептейді. «Әдебиет – транзиттік объект, шынайы өмір мен қиялдың арасында үнемі өзгеріп отыратын және оларды үздіксіз бір-бірімен байланыстыратын шекаралық құбылыс» [5, 4], - деп жазды.

М. Спарсиоус: «Әдеби дискурс – шын мәнінде жаңа альтернативаларды тудыру мүмкіндігіне ие, себебі ол шынайы және қиялдағы әлемді біріктіріп, олардан бөлек «аралық» әлем жасайды. Қарым-қатынастың шынайы және қиялдағы формаларын көрсету немесе қарама-қайшылықтағы бірлігін қалыптастыру арқылы әдебиет болмыстың балама модельдерін жасайды» [6, 30], – деген пікір айтады.

Ендеше, әдебиет өзінің мән-мақсаты бойынша лиминалды құбылыс болуымен мәнді. Атап айтқанда, өмірдегі шынайы құбылысты қиялдағы көркем шындыққа айналдырады, сөйтіп, транзиттік рөл атқарады. Сол арқылы хронологиялық тәртіппен дамитын технологиялық-бюрократиялық шындықтан, қиялға толы ғажайып құбылыстар, еркін идеялар мен суреткер шындығы орын алатын әлемге апарады. Әдебиеттегі лиминалды идеясын жанрлар теориясының эволюциялық парадигмасы да қолдайды деп бағамдаймыз.

Грузия ғалымы Ирма Ратиани өз зерттеулерінде лиминалды теориясының антропология және әдебиеттану ғылымында алатын орнын белгілейді. Ол Геннеп, Тернер, Спарсиоус, Палмер, Шопенгауэр, Кьеркегора, Ницше, Аристотель, Сидней, Шелли, Изер т.б. еңбектерін талдап, әдебиеттанудың лиминалды феномен екеніне назар аударады. Ирма Ратианидің бірқатар еңбектері қазіргі әдебиеттану саласындағы жаңа бағытты, атап айтқанда, әдеби лиминалды теориясын ғылыми негіздеген ізденістерімен құнды. Ғалым Аристотельдің «Поэтика», Шиллердің «Письма» т.б. ойшыл-ғалымдардың туындыларын зерделеп, әдебиеттің лиминалды құбылыс екенін байыптайды [7, 1–10]. Ең бастысы, зерттеуші синхронды және диахронды дамудағы әдеби жанрдарды пайымдау, жанрлар теориясындағы әдеби жүйенің негізгі тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді деп ғылыми тұрғыда негіздейді.

Қазіргі әдебиеттанудағы лиминалды құбылысты ғылыми тұрғыдан пайымдау мен зерделеу келесі шетел ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты: Malynda Stroters Taylor «Functions of Liminality in Literature: A Study of Georges Bataille ges Bataille’s «Le Bleu Du Ciel», Julien Gr «Le Bleu Du Ciel», Julien Green’s «L’Autre», and Assia Djebbar, and Assia Djebbar’s «L’Amour, La Fantasia antasia» (1998) тақырыбындағы докторлық диссертациясында әдебиеттегі лиминалдықтың қызметі мен рөлін анықтады және Жорж Батайдың көркем шығармалары негізінде талдау жасап, әдебиеттегі лиминалды құбылысты тәжірибешілік тұрғыдан дәйектеді, Hein Viljoen, Chris N. Van der Merwe «Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature» (2007) зерттеулерінде әдебиеттану ғылымындағы жаңа концепция – лиминалдықтың теориялық негізін ұсынды, «шек», «шекаралық» ұғымдарының әдебиетке тән екеніне баса назар аударды, лиминалдықтың

әдебиеттанудағы зерттелуін байыптады. Irma Ratiani «Liminal Theory. The problem of anthropology and contemporary literature» (2008), «Liminality and the Liminal Theory of Conceptualizing Time and Space in 20th century Eschatological Anti-utopia» (2012) тақырыптарындағы ізденістерінде лиминалдық теориясын қазіргі антропология және әдебиеттанудың өзекті мәселелері ретінде қарастырып, сонау антикалық дәуірдегі ойшылдардың әдебиетті лиминалды құбылыс деп есептейтінін нақты мысалдармен пайымдаулар жасады, Minesh Dass «Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature» (2013) эссе-мақалалар жинағында әдебиеттегі лиминалды кеңістіктер, аралық кезеңдер, өтпелі жағдайлар туралы ғылыми көзқарасын білдірді, Adam J. Engel «Between two worlds: the functions of liminal space in twentieth century literature» (2017) докторлық диссертация жұмысында Дж. Конрад, Э. Форстер, В. Вулф, Т. Ганн, Д. Линчтің «кейіпкерлерге тереңде жатқан өз ішкі сезімдерін білдіретін кеңістікті жасау» стратегияларын қолданды, XX ғасырдағы дағдарыс, қоршаған орта күйреуін, отбасы құндылықтарының құлдырауы, рухани диссонансты сипаттау мақсатында лиминалды кеңістіктерді, лиминалды тәжірибе мен лиминалды кезеңдердің мүмкіндіктеріне жол ашты [8, 124-128]. Dianna C. Lacy «Expanding the Definition of Liminality: Speculative Fiction as an Exploration of New Boundaries» (2019) ізденісі Питер С. Бигл мен Филипп К. Дик шығармалары негізінде спекулятивті фантастиканың лиминалдық идеяға құрылуы, ондағы қалыпты «өтпелі күй» мен «шектік» өзгеріске әкелетін кеңістік, «дәліз» жасауы және шектік, ауыспалы кезеңдер бағытында жасалса, Claudia Mueller-Greene «The Concept of Liminality as a Theoretical Tool in Literary Memory Studies: Liminal Aspects of Memory in Salman Rushdie's *Midnight's Children*» (2022) зерттеу жұмысында Салман Рушдидің «Дети полуночи» шығармасы негізінде лиминалдық белгілерді жан-жақты талдайды. Мистикалық қасиеттер, дағдарыс, ауыспалы кезең, өзгеріс күйі, шек және шекаралық құбылыстар және т.б., яғни лиминалдың әдебиетке тән құбылыс екенін тұжырымдайды [9, 264–288]. Бұл еңбектердің маңыздылығы, әдебиеттану ғылымында лиминалдық тұжырымның алатын орны, рөлі, қызметі, әдеби шығармаларды талдаудағы тиімділігі жайлы ізденістермен айқындалады. Осы бағытта докторлық диссертациялар жазылып, монографиялар, кітаптар, мақалалар жарық көруде.

Орыс әдебиеттануында лиминалдық мәселесі өз деңгейінде зерттеліп келеді. Бұл бағытта ғалымдардың зерттеу жұмыстары көркем шығармаларды талдауларында көптеп кездеседі. Ғалымдардың әр жылдары жарық көрген зерттеу жұмыстарында әдеби туындардағы лиминалдық кеңістік, лиминалдық мотив, лиминалдық аймақ, лиминалдық эффект, лиминалдық символика сынды лиминалдық құбылыстың көріністері сипатталады.

Л. Бугаева «Литература и rite de passage», «Художественный нарратив и структуры опыта: сюжет перехода в русской литературе новейшего времени» (2012) диссертациялық жұмысында лиминалдық сюжеттің негізгі формаларын: «орфическая медиация», «фаустианская трансгрессия», «спиритуальная трансформация» [10, 117]. және т.б анықтайды. Лиминалдық концепцияны әдебиетпен байланыстырып зерттеуде елеулі үлес қосып, келелі ғылыми ізденістер жасап жүрген орыс филолог ғалымдардың ішінен Г. Кучумова («Архетип гения в немецкоязычном романе 1980-2000 гг.», 2012), О. Колмакова («Лиминальность как принцип поэтики романа А. Королева «Эрон», 2015), Е. Зейферт («Эффект лиминальности и зона лиминальности в новейшей русской поэзии», 2018), Л. Фусу («Лиминальность в русском фольклоре», 2019), Ю. Бабичева («Актуализация лиминальной мифологемы в романе Л. Н. Толстого «Воскресение», 2019) және т.б. атап өтуге болады. Сонымен қатар Henrieke Stahl, Ekaterina Friedrich редакциясымен құрастылыған «Границы, пороги, лиминальность и субъективность в современной поэзии» (2020) жинағында орыс әдебиетінің поэзиясы мен прозасындағы лиминалдық феноменінің көрініс табуы, көкейтестілігі, маңыздылығы мен қызметі айқындалған еңбектің орны ерекше.

Қазіргі қазақ әдебиеттануында лиминалдық теориясына байланысты арнайы зерттеулер жоқтың қасы деуге болады. Жаһандану кезінде болашақта игерілетін жаңа бағыттардың бірі болатынына, сөйтіп, әлем әдебиетінің озық ұстанымдары арқылы байып, толығып, өз ұлттық ерекшелігіне қарай трансформациялап, қолданысқа енетініне күмән келтірмейміз.

Жоғарыда айтылған әлем әдебиеті тәжірибесіндегі лиминалдық теориясына сүйене отырып, көркем шығармалардағы лиминалдық сипаттар талдауларын сараптай келе, қазіргі қазақ әдебиетіне де лиминалдық құбылыс тән екенін тұжырымдай аламыз. Пікірімізді негіздеу мақсатында постмодернистік үлгідегі Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» шығармасындағы кейбір лиминалдық сипаттарын талдауды ұсынамыз.

А. Геннеп, В. Тернерден бастау алған лиминалдық концепциясының негізгі белгілері «Бекторының қазынасы» туындысында анық кездеседі. Сағындық саналыдан бейсаналы күйге өтіп, түсінде Қайырболды кейпінде, басқа адамның өміріне өтеді, демек, өзінің «мені», әлеуметтік мәртебесі, қоршаған ортасынан ажырайды. Ата-анасынан айырылған жетім, жұпыны өмір, қарапайым даяшы жұмысын атқарып, жоқшылықтың дәмін де тартады. Геннеп тұжырымының бірінші кезеңі – сепарация, нақты дара нысанды немесе кез-келген жеке тұлғаны, яғни «инициантты» қандай да бір әлеуметтік немесе мәдени құрылымнан оқшаулауды, ажыратуды білдіреді. Бұрынғы әлеуметтік ортадан жеке адамның немесе топтың шеттетілуі. Бұл кезең инициантты шынайы кеңістік пен уақыттан ажыратып, бөлумен

сипатталады. Демек, Сағындық түсінде шынайы өмірден, кеңістіктен, уақыттан шеттетіліп, лиминалдықтың бірінші кезеңіне тап болды.

Екінші кезең – лиминалдық – иницианттың немесе «транзиттік саяхатшының» (*transit voyager*) амбиваленттік күйін, оның аралық амбиваленттік әлеуметтік аймағына, яғни «лимбоға» (аралық күйге) өтуін білдіреді. Аталмыш кезең аралық, мұнда инициант не қатысушы екіұштылық сипатқа ие. Бұл сипаттама Қайырболды Бекторымен кездесіп, жүрегін мәрмәрға ауыстырып, барлық адами сезімдерден айырылып, амбивалентті, яғни екіұшты аралық деңгейде болуы сәйкес келеді. «... – Әрине, сенде жүрек деп аталатын нәрсе бар. Бірақ сендегі жүрек тек қанды ары-бері айдайтын мүше ғана. Ертеңгі күнді ойлап сарғайған, бітпес үрейден әбден жансызданған бір жапырақ ет қана. ... - Осы, адамның жүрегі деген қызық нәрсе, - деген тағы да Бекторы, - Өзі бар, өзі жоқ. Өзі жоқ, өзі бар» [11, 4], - үзіндісі де екіұштылықты білдіріп тұрғандай, яғни не бар емес, не жоқ емес, аралық, транзиттік күйден көрініс береді. Тернердің лиминалды кезең жағдайында жеке тұлға «анда» да, «мұнда» да болмайды деген пайымының нақты белгісі. Қайырболды Бекторымен келісімге келіп, жүрегін мәрмәрға ауысқан сәттен бастап, В. Тернердің тұжырымдағанындай, жеке тұлға ретінде өз қоғамынан ажырап (шыққан тегін, ортасын, ата-әжесін ұмытуы т.б.), заңдардан, әдеп-ғұрыптық нормалар мен ережелерден де босатылады. Бекторы парақорлық, астамшылдық, алдау, аяусыздық сияқты әрекеттер жасайды. Сөйтіп, лиминалдықтың екінші кезеңінің жарқын үлгісі болып табылады. Бекторы «аралықта» («betwixt and between»), «алдыңғы» және «болашақ» мәртебесі тоқтатылған, шеттетілген, белгісіздік жағдайында, әрі қайта құрылған, жаңғыртылған мәдени модельдер мен парадигмалардың жүзеге асуын күту позициясында. Аралық кезеңдегі қайта жаңғыруға, өзгеріске бетбұрыстың шешуші сәті – Қайырболдының кішкентай баланы көлікпен қағып кетуі, ол баланың бет-әлпеті өзінен айнымай қалуы, оның несиесін кешіремін деп алдаған адамның баласы болып шығуы, Қайырболдының бала кезінде өзін де көлік қағып кетіп, әділетсіздікке душар болуы, ар мен жан арпалысына түсу болып табылады.

А. Геннеп, В. Тернердің лиминалдық тұжырымының үшінші, мәрелік кезеңі – тұлғаның жанданып, қайта тууы, қоғамға жаңа сапада, жаңарған әлеуметтік мәртебеде оралуы да Таласбек Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаясындағы Қайырболдының талай сынақтан өтіп, Бекторыдан өз жүрегін қайтып алуы, осыған орай Сағындықтың да өмір құнылықтарын, адами қасиеттерді пайымдауы, өмірге көзқарасының өзгеруі, жан дүниесінің, сана-сезімінің, рухының жандануы – шығарманың лиминалдық сипатын көрсетеді. Туындыда көрініс тапқан лиминалдық кезеңдерден басқа, лиминалдық кеңістіктер (Бекторының үш қабатты зәулім сарайы, ат

шаптырым зал, ұзын дәліз «гиперкеңістікке» кеткен бөлме), аралық (өтпелі), шектік күй және екіұштылық (басқа кеңістікке, өмірге өткізетін есік, түс пен өңнің арасы, ертегідегі Бекторының шынайы өмір мен түсіндегі өмірде болуы, Сағындықтың Қайырболды өмірін сүруі, саналы және бейсаналы жағдаяттар, Бекторының жын-перінің және парасаттылықтың жаршысы ретінде болуы, өмір мен өлім, қатыгездік пен мейірімділік және т.б.) көптеп кездеседі. Ендеше, қазіргі қазақ әдебиетінде лиминалдык поэтиканы зерттеу өзекті мәселелердің бірі болмақ. Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» хикаясындағы кейбір тұстарын талдай келіп, қазіргі ұлттық әдебиетке лиминалдык құбылыс тән екенін негіздедік деп ойлаймыз.

Қорытынды

Шынайы өмір әлемі – физикалық әлем, объективті жүйе болса, қиялдағы әлем субъективті жүйе. Әдебиет – лиминалды фаза немесе шынайы өмір мен көркем шындық арасындағы аралық кеңістік («дәліз»). Біздің ойымызша, әдебиеттің лиминалды құбылыс ретінде басты міндетінің бірі – жаңа шынайы өмірді, жаңа әлемді жасау. Бұл үрдіс шынайы өмір мен қиялдағы әлем арасындағы айырмашылықтарға баса назар аударумен қатар, қажеттілік пен мүмкіндік арасындағы логикалық және онтологиялық қайшылықтарды көрсетеді. Әлем әдебиеттануындағы лиминалдык феномен кез келген халықтардың әдебиетінде кездеседі. Лиминалдык түсінік алғашқыда антропология саласында қалыптасқанмен, қазіргі кезде пәнаралық құбылыс сипатында кең өріс алуда. Қазіргі әдебиеттің лиминалдык поэтикасын зерттеу бағытындағы ғылыми ізденістер арта түсуде. Ол қазіргі әдебиеттану ғылымында өзіндік орны, қызметі бар өзекті салалардың бірі десек, артық айтпаймыз. Жоғарыда айтылған тұжырымдарды қорытындыласақ, әдебиет лиминалды кезеңнің (фазаның) идеалды көрінісі болып табылады. Лиминалдык үрдістер кез келген әдеби жанрларда қарастырылып, талдауға негіз болады. Көркем шығармаларды лиминалдык тұрғыдан зерттеу – қазіргі заманның ең маңызды әдістемелік қағидаттарының бірі деп санаймыз. Осынау жаңашыл ізденістерден қазақ әдебиеттануы да қалыс қалмауы керек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Каскабасов, С.** Краткая характеристика современного состояния и тенденций развития, приоритетные направления мирового литературоведения [Текст] / С. Каскабасов // Известия НАН РК. – 2011. – № 1. – С. 126–139.

2 **Genep, A.** The Rites of Passage [Text] / A. Genep. – Chicago and London : University of Chicago Press, 2019. – 224 p.

3 **Фусу, Л.** Концепция лиминальности: подходы, сущность понятия, характеристики проявления в обществе на современном этапе [Текст] / Л. Фусу // Философские науки. – 2018. – № 3. – С. 143–148.

4 **Turner, V.** The Ritual Process. Structure and Anti-Structure [Text] / V. Turner. – New York, 1995. – 232 p.

5 **Iser, W.** The Fictive and the Imaginary: Charting Literary Anthropology [Text] / W. Iser. – Baltimore, 1993. – 347 p.

6 Spariosu, M. The Wreath of Wild Olive [Text] / M. Spariosu. – New York Press, 1997. – 350 p.

7 **Ratiani, I.** Liminal Theory. The problem of anthropology and contemporary literature [Text] / I. Ratiani // Литература в диалоге культур. – 2008. – С. 195–199.

8 **Dass, M.** Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature [Text] / M. Dass // English Academy Review. – 2013. – No.30. – P. 124–130.

9 **Mueller-Greene, C.** The Concept of Liminality as a Theoretical Tool in Literary Memory Studies : Liminal Aspects of Memory in Salman Rushdie's *Midnight 's Children* [Text] / C. Mueller-Greene // Literary Theory. – 2022. – No. 2. – P. 264-288.

10 **Бугаева, Л.** Литература и rite de passage [Текст] / Л. Бугаева. – СПб. : Петрополис, 2010. – 408 с.

11 **Әсемқұлов, Т.** Бекторының қазынасы // Т. Әсемқұлов. – [Электронды ресурс]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/talasebek-asemqulov-bektoryny-nazynasy_21217

References

1 **Kaskabasov, S.** Kratkaya harakteristika sovremennogo sostoyaniya i tendencij razvitiya, prioritety`e napravleniya mirovogo literaturovedeniya [Brief description of the current state and development trends, priority areas of world literary studies] [Text] // Izvestiya NAN RK. – 2011. – № 1. – S. 126–139.

2 **Genep, A.** The Rites of Passage [Text]. – Chicago and London: University of Chicago Press, 2019. – 224 p.

3 **Fusu, L.** Koncepciya liminal`nosti : podhody`, sushhnost` ponyatiya, harakteristiki proyavleniya v obshhestve na sovremennom e`tape [The concept of liminality: approaches, essence of the concept, characteristics of the manifestation in society at the present stage] [Text] // Filozofskie nauki. – 2018. – № 3. – S. 143–148.

4 **Turner, V.** The Ritual Process. Structure and Anti-Structure [Text]. – New York, 1995. – 232 p.

5. **Iser, W.** The Fictive and the Imaginary: Charting Literary Anthropology [Text] – Baltimore, 1993. – 347 p.

6 **Sprioso, M.** The Wreath of Wild Olive [Text]. – New York Press, 1997. – 350 p.

7 **Ratiani, I.** Liminal Theory. The problem of anthropology and contemporary literature [Text] // Literatura v dialoge kul'tur. – 2008. – С. 195–199.

8 **Dass, M.** Beyond the Threshold: Explorations of Liminality in Literature [Text] // English Academy Review. – 2013. – No. 30. – P. 124–130.

9 **Mueller-Greene, C.** The Concept of Liminality as a Theoretical Tool in Literary Memory Studies: Liminal Aspects of Memory in Salman Rushdie's *Midnight's Children* [Text] // Literary Theory. – 2022. – No. 2. – P. 264–288.

10 **Bugaeva, L.** Literatura i rite de passage [Literature and rite de passage] [Text]. – SPb.: Petropolis, 2010. – 408 p.

11 **Asemkulov, T.** Bektorynyn kazynasy [Vectora's treasures] // [Electronic resource]. – https://adebiportal.kz/kz/news/view/talasbek-asemqulov-bektorynyn-azynasy_21217

Басып шығаруға 30.11.23 қабылданды.

*А. К. Матаева¹, С. Б. Жумагул², Э. И. Контева³

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана;

³Омский государственный педагогический университет, Российская Федерация, г. Омск.

Принято к изданию 30.11.23.

КОНЦЕПЦИЯ ЛИМИНАЛЬНОСТИ В СОВРЕМЕННОЙ ЛИТЕРАТУРОВЕДЧЕСКОЙ НАУКЕ

В статье рассматривается популярное направление в мировой литературоведческой науке: концепция лиминальности. На основании анализа зарубежных научных исследований дается определение категории лиминальности. Лиминальность является одной из важнейших категорий антропологии, а также современной культурологии и литературоведения. Лиминальность означает переход от одной стадии жизни к другой. Термин «лиминальность» был впервые введен в науку антропологии Арнольдом Ван Геннепом для описания ритуалов, связанных с сезонными и индивидуально-

общественными изменениями. Были изучены научные изыскания Виктора Тернера, терминологически и концептуально обосновавшего и перенесшего идею лиминальности из области антропологии в литературоведение. Цель исследовательской работы: осмысление роли, значимости, актуальности феномена лиминальности в современной литературоведческой науке. В этом направлении авторами проведен комплексный анализ фундаментальных работ зарубежных философов и литературоведов. В результате исследования были выявлены особенности теории лиминальности; определена роль лиминальности в литературоведении. Авторы детально изучили функцию лиминальности в литературе, проанализировали на основе художественных произведений современной казахской литературы и практически обосновали феномен лиминальности в литературе.

Проблема лиминальности являясь одним из актуальных направлений в мировой литературе, не рассматривался как объект исследования в современном казахском литературоведении. Следовательно, данное направление будет одной из тем нового характера, требующая углубленного изучения в современной казахской литературоведческой науке.

Ключевые слова: концепция лиминальности, лиминальное пространство, переходное состояние, пороговая величина

*А. К. Matayeva¹, S. B. Jumagul², E. I. Kopteva³

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian

National University,

Republik of Kazakhstan, Astana;

³Omsk State Pedagogical University,

Russian Federation, Omsk.

Accepted for publication on 30.11.23.

THE CONCEPT OF LIMINALITY IN MODERN LITERARY STUDIES

The research paper considers the concept of liminality being well known in the world literary science. The problem of liminality is taken into consideration as well. The definition of the liminality category is developed on the basis of the foreign scientific research analysis. Liminality has become one of the most important categories of anthropology, as well as modern cultural studies and literary studies. The term “liminality” was first introduced into the science of anthropology by Arnold Van Genep

to describe rituals associated with seasonal and individual and social changes. Victor Turner's scientific research has been studied in detail. He terminologically and conceptually developed and transferred the idea of liminality from the field of anthropology to literary studies. The authors of the article thoroughly examined the function of liminality in literature, having analyzed on the basis of works of modern Kazakh literature. The researchers substantiated the phenomenon of liminality in literature.

The problem of liminality being one of the current trends in the modern world literature was not considered as an object of research in modern Kazakh literary studies. Consequently, this direction will be one of the new issues that requires in-depth study in modern literary science.

Keywords: liminality concept, liminal space, transitional state, threshold value

Теруге 30.11.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.12.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,61 МБ RAM

Шартты баспа табағы 26,59. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4165

Сдано в набор 30.11.2023 г. Подписано в печать 29.12.2023 г.

Электронное издание

3,61 МБ RAM

Усл. печ. л. 26,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова

Заказ № 4165

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz